

Райымбек ауданы бойынша интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы N 267 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 16 қаңтарда N 2280 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 қарашадағы N 191 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 14.11.2013 N 191 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 23 қаңтар 2001 жылғы № 149 Заңының 7-бабының 5-6) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 23 қаңтар 2001 жылғы № 148 Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес жалпы жұмыс орындары ішінен интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру үшін, жұмыс орындарының квотасын белгілеу мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Ауданның мекеме, кәсіпорындарында меншік түріне қарамастан интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Байеделов Талғат Ескендірұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Медеуов